

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті» КЕАҚ  
Басқарманың шешімімен

Хаттама № 24 «05» 2024 ж.

проф. Н.О. Дулатбеков



«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті» КЕАҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен

Хаттама № 5 «21» 06 2024 ж.



**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**8D02301 – Филология**

**Деңгейі: докторантура**

Қарағанды қ.  
2024

## КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

### «8D02301 - Филология» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ



«КЕЛІСІЛДІ»

«Қарағанды облысының  
тілдерді дамыту жөніндегі  
басқармасы» ММ басшысы

 С.М. Әбеуова

« 25 » 04 2024 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қарағанды облысының  
тілдерді оқыту орталығы

директоры

 А.А. Игенова

« 25 » 04 2024 ж.

**8D02301 – Филология білім беру бағдарламасы келесі нормативті құжаттар негізінде құрастырылған:**

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы
- ҚР БҒМ «Кредиттік жүйе бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережелерін бекіту туралы» 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы
- Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы Ұлттық біліктілік шеңбері
- 2018 жылғы 13 қазандағы №569 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы» (11.08.2023 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен)
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Педагог» стандарты
- Қазақстан Республикасы 20.11.2023 ж. №591 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіби стандарт

## Мазмұны

№	Білім беру бағдарламасының төлқұжаты	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	4
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі	4
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	4
4	Кредиттер көлемі	4
5	Оқу түрі	4
6	Оқу тілі	4
7	Берілетін дәреже	4
8	Білім беру бағдарламасының түрі	4
9	БЖХС бойынша деңгейі	4
10	ҰБШ бойынша деңгейі	4
11	СБШ бойынша деңгейі	4
12	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	4
	ЖОО партнер (серіктес)	
	ЖОО партнер (серіктес)	
13	Кадрларды дайындау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	4
14	Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі	4
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	4
16	Білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамасы	4
а)	Түлек лауазымдарының тізбесі	4
б)	Түлектің кәсіби қызмет саласы мен объектілері	4
в)	Түлектің кәсіби қызмет түрлері	5
г)	Түлектің кәсіби қызметінің функциялары	5
17	Құзыреттер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау	6
18	Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модулін анықтау	7
19	Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы	8
20	Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)	12
21	Оқу нәтижелерінің қолжетімділігін бағалау критерийлері	13
22	Түлек моделі	16

## Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

1. Білім беру бағдарламасының коды және атауы – 8D02301 – Филология
  2. Білім беру саласының коды және жіктелуі – 8D02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар
  3. Білім беру бағдарламаларының тобы – D060 Филология
  4. Кредиттер көлемі – 180
  5. Оқу түрі – күндізгі
  6. Оқу тілі – қазақ, орыс
  7. Берілетін дәреже – «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы PhD
  8. Білім беру бағдарламасының түрі – қолданыстағы
  9. БЖХС бойынша деңгейі – 8
  10. ҰБШ бойынша деңгейі – 8
  11. СБШ бойынша деңгейі – 8
  12. Білім беру бағдарламасының ерекшелігі – жоқ
  13. Кадрларды дайындау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі – KZ83LAA00018495 №16 28.07.2020 ж.
  14. Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі – БСҚА (ІҚАА) 27.05.2019-24.05.2024
  15. Білім беру бағдарламасының мақсаты – жоғары оқу орындарында, ғылыми-педагогикалық, ғылыми-зерттеу мекемелерінде ғылыми және кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті; лингвистика және әдебиеттану саласында зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу дағдыларын меңгерген; білім беру, мәдениет, басқару, БАҚ, мәдениетаралық коммуникация ұйымдарында және әлеуметтік-гуманитарлық саланың басқа да салаларында филологиялық білімді қолдануға қабілетті жоғары білікті филолог дайындау.
  16. Білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамасы
    - а) Түлек лауазымдарының тізбесі
      - ЖОО оқытушысы;
      - ғылыми қызметкер;
      - баспа, мәдени мекеме қызметкері.
    - б) Түлектің кәсіби қызмет саласы
      - білім (орта, арнайы орта және жоғары оқу орындарының оқытушысы);
      - мәдениет (мәдениет мекемелерінің қызметкері);
      - ғылым (ғылыми-зерттеу мекемелерінің қызметкері);
      - баспа (баспагер, баспа өнімдерінің редакторы);
      - бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде Интернет (газет, радио, теледидар, журналдардың редакциясы);
      - білім беру саласындағы әкімшілік (орта, орта кәсіптік және жоғары білім бөлімдері);
      - әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің басқа салалары (мәдениетаралық байланыс және т.б.).
- Түлектің кәсіби қызмет объектілері
- ЖОО;

- колледждер;
- ғылыми-зерттеу институттары.
- в) Түлектің кәсіби қызмет түрлері
  - ғылыми-педагогикалық;
  - ғылыми-зерттеу;
  - білім беру-педагогикалық;
  - педагогикалық-ұйымдастыру.

г) Түлектің кәсіби қызметінің функциялары

- жоғары оқу орындарында, жалпы білім беретін орта мектептерде, гимназиялар мен лицейлерде, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ/орыс/ағылшын тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту;
- білім мекемелерінде оқу-әдістемелік педагогикалық үдерісті ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру;
- баспа орындарында редактор, корректор болу;
- заң-құқық органдарында лингвистикалық сараптамашы;
- ішкі істер мекемелерінде тілші-корреспондент;
- лингвистика, әдебиеттану, фольклористика және текстология салаларында зерттеулер жүргізу;
- мәдениет саласында ағартушылық жұмыстар жүргізу;
- ауызша және жазбаша аудармаларды жүзеге асырады;
- білім беру-педагогикалық, басқару мекемелерінде, БАҚ-та, мәдениетаралық қатынас саласында және әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің басқа салаларында филология ғылымының қажетті саласына сәйкес кәсіптік қызметтерді жүзеге асыру.

## Құзыреттер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрлері	Оқу нәтижесінің коды	Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	ОН 1	Филологиялық ғылым саласындағы тұрақты білім мен дағдыларды меңгеру және оларды диссертациялық зерттеуді жүргізу барысында қолдану
	ОН 2	Білім беру саласында және практикалық кәсіби қызметте мәселелерді шешу үшін өз білімін, түсінігін және қабілетін кәсіби деңгейде жетілдіру
	ОН 3	Диссертацияның зерттеу тұжырымдамасын қалыптастыру үшін ақпарат жинау және ғылыми ақпаратты өңдеу әдістерін меңгеру
	ОН 4	Филология ғылымы саласында әрі қарай оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті білім, білік және дағды кешенін меңгеру
	ОН 5	Қазіргі филология ғылымының жалпы және арнайы әдістерін, филология ғылымының әдіснамасын қолдану дағдыларын жетік меңгеру
	ОН 6	Кәсіби қоғамдастықпен және білім берудегі барлық мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікті жүзеге асыру, білім беру стекхолдерлерін біріктіретін инновациялық идеяларға бастамашылық жасап, заң-құқық органдарында қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде лингвистикалық сараптама жасау
	ОН 7	Қазіргі филология ғылымының өзекті мәселелері бойынша ғылыми пікірталастар өткізуге және пікір таластыруға қабілетті болу
Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	ОН 8	Тілдерді меңгеру үшін, атап айтқанда қазақ, орыс және ағылшын тілдерін, қарым-қатынас технологиясы саласында білім, коммуникация стратегияларын, диалог құрудың дағдылары мен іскерліктерін, полимәдениетті, полиэтникалық және көпконфессиялы қоғамда қарым-қатынас жасау
	ОН 9	Жаңартылған білім мазмұны аясында заңнамалық құжаттарды білу; сыни тұрғыда ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруда базалық білімдерін жетілдіру
	ОН 10	Басқа тілді аудиторияда қазақ тілін оқытудың инновациялық технологияларын, әдіс-тәсілдерін тиімді қолдана алу, сыни тұрғыдан бағалау, өзіндік тұжырымдар жасау
	ОН 11	Қазіргі инновациялық білім беру технологияларын пайдалана отырып, оқытушылық қызметті жүзеге асыру, түрлі аудиториялар үшін филологиялық және арнайы тілдік пәндерді оқытудың оқу бағдарламаларын іске асыру
	ОН 12	Аналитикалық жұмысқа қабілетті болу, жаңа білім алу мақсатында ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті жүзеге асыра білу және осы білімді нақты басқарушылық жағдайларды сараптамалық бағалау үшін қолдану
	ОН 13	Өздігінен шығармашылық, зерттеу жұмысының дағдыларын, өз қызметін тиімді және нәтижелі ұйымдастыру, өзінің ғылыми жұмысының нәтижелерін коммерциализациялау жолдарын білу
	ОН 14	Ғылыми мәтіндерді ағылшын тілінде жазу дағдыларын жетілдіру, ағылшын тіліндегі мәтіндерді жазбаша түсіндіру бойынша практикалық дағдыларды дамыту
	ОН 15	Мамандықтың негізгі проблемаларын шешу мақсатында ғылыми әдебиеттермен жұмыс істей білу, ғылымның қазіргі жетістіктеріне сүйене отырып, зерттеу тақырыбының ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын көрсете білу.

**Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модулін анықтау**

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пәндер атауы	Көлемі (ECTS)
ОН 1, ОН 3, ОН 14	Зерттеудің әдіснамалық негіздері	Академиялық хат (ағылшын тілінде)	5
ОН 2, ОН 5		Ғылыми зерттеу әдістері	5
ОН 4, ОН 5, ОН 7, ОН 8	Лингвистика және әдебиеттану теориясы	Мәдениаралық қарым-қатынас теориясы	5
ОН 6, ОН 9, ОН 10, ОН 11		Педагогикалық практика	10
ОН 1, ОН 12, ОН 13		Зерттеу практикасы	10
ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7	Тіл және мәдениет	Когнитивтік лингвистика Ұлттық әдебиет пен мәдениет	5
ОН 5, ОН 7, ОН 8,		Лингвоконтактология Әдебиеттегі постмодернизм Лингвомәдениеттану	5
ОН 1, ОН 12, ОН 15,	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	123
	Қорытынды аттестаттау	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	12



### Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN р/с	Пәндердің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)														
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12	ОН 13	ОН 14	ОН 15
Базалық пәндер циклы Жоо компоненті																		
D-1	Академиялық хат (ағылшын тілінде)	Пән аналитикалық ғылыми-зерттеу және мәтіндік қызметпен байланысты құзыреттерді; аналитикалық-синтетикалық, сыни және прагматикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Пәнді оқу барысында ғылыми мәтіндерді жазудың түрлері, әдістемесі мен этикалық принциптері, ғылыми мәтінді құру және оны жариялауға дайындау принциптері, библиографиялық тізімді рәсімдеу, ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасаудың негізгі ережелері, аннотация түрлері және оларды құрастыру ерекшеліктері, ғылыми мәтінді рецензиялау қарастырылады.	5						+			+		+			+	
D-2	Ғылыми зерттеу әдістері	Пән докторанттарда дербес ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру; диссертациялық зерттеуде қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін ғылыми зерттеу әдістерін қолдану; өзінің диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша эмпирикалық деректерді өңдеу әдістерін қолдану мақсатында зерделенеді.	5		+						+	+			+			+
D-3	Педагогикалық практика	Көп сатылы оқыту жүйесіне сәйкес жоғары білікті мамандарды даярлаудың маңызды бөлігін құрайды. Оқытудың бұл түрі ЖОО-да теориялық оқыту мен әртүрлі үлгідегі жоғары оқу орындарында өзіндік жұмыс істеу арасындағы байланыстырушы буын бола отырып, тандаған мамандығы бойынша докторанттардың жинаған білімін, іс жүзінде қолдану мен тереңдету және әрқайсысының жеке педагогикалық ерекшеліктерін дамыту үшін барынша қолайлы мүмкіндіктерге ие. Бұл докторантты мақсаты мен күрделілігі бойынша әртүрлі міндеттерді шешуге бағыттайды.	10						+			+	+	+				
Базалық пәндер циклы Таңдау компоненті																		
D-4	Когнитивтік	Тіл біліміндегі танымдық теорияның ғылыми	5				+	+			+			+				

	лингвистика	негіздерін меңгеру оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидаларымен магистранттардың ой-өрісін кеңейту. Тіл арқылы қоршаған ортаны танып-білуге үйретеді және тілдік білімнің табиғатын және оны қалай қолдану керектігін меңгертеді. Тіл мен таным, тіл мен ойлау, тіл мен сөйлеу, тіл мен сана байланыстары арқылы дүние танымын кеңейтеді.																
	Ұлттық әдебиет пен мәдениет	Қазақтың ұлттық мәдениетінің қалыптасуы және оның дамуы, қазақтың ұлттық мәдениет ерекшеліктерін саралап, ұлттық әдебиетпен байланысы туралы айтылады. Ұлттық әдебиеттегі түрлі терминдерге тоқталып, салыстырмалы түрде талданады.			+				+				+					
Кәсіби пәндер циклы ЖОО компоненті																		
D-5	Мәдениаралық қарым-қатынас теориясы	Мәдениетаралық коммуникация саласына қатысты жаңа терминдер мен сөздерді меңгереді. Мәдениеттер сұхбатына қатысушы белгілі бір мәдениеттің атынан сөйлейтін тілдік тұлға тіл, мәдениет, мәдениетаралық коммуникация мәселелеріне қатысты көптеген беймәлім мәселелерден хабардар болып, олардың ерекшеліктері мен маңызын түсінеді. Білімдер: Мәліметтерді дұрыс түсіну, мағынасына дұрыс интерпретация жасай алу, оларды өз сөзінде дұрыс қолдана алу – мәдениетаралық коммуникацияның дұрыс жүруін қалыптастырады.	5		+				+		+	+						
D-6	Зерттеу практикасы	Докторанттар ғылыми зерттеулер жүргізу қабілеттерін дамыта отырып, әдіснамалық зерттеу әдістерін меңгереді, ғылыми білімнің қалыптасу тарихы туралы білім жүйесін меңгереді. Алынған білімді практикада қолдану мақсатында ғылыми-зерттеу дағдыларын, сондай-ақ әлемдік лингвистикалық және әдебиеттану ғылымында ғылыми мектептер мен теорияларға байланысты ғылыми еңбектерді пайдалану дағдыларын қалыптастырады. Тәжірибе барысында жиналған зерттеу материалдарын жоспарлау, топтастыру және жалпылау, деректерді талдау және жалпылауды үйренеді.	10	+										+	+			
Кәсіби пәндер циклы Таңдау компоненті																		
D-7	Лингвоконтактология	Лингвоконтактологияны қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде түрлі тілдердің байланысы және өзара ықпалы туралы ілім ретінде біледі.	5	+					+					+				+

		Білімі: Үш концентрлік шеңбер теориясын, плюрицентрлік тілдердің варианттарыбар екенін біледі. Ана тілін үш концентрлік шеңбер теориясы тұрғысынан сипаттай алады. Дағдысы: Алған білімін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазуда қолдана алады және нақты шешімдерді қарастыруға, оқу-әдістемелік құралдар жасауда пайдалануға дағдыланады.																
	Әдебиеттегі постмодернизм	Пән постмодернизмдегі көркем шығармаларды талдау саласында, оның ішінде А. Кемелбаева, Д. Амантай, Т. Әсемқұлов және т. б. шығармаларында зерттеу құзыреттілігін дамыту мақсатында оқытылады.		+					+				+					+
	Лингвомәдениеттану	Лингвомәдениеттану тіл мен мәдениеттің, тіл мен этностың, тіл мен ұлттық менталитеттің арақатынасын сипаттап, зерттеп, зерделейді. Лингвомәдениеттану және этнолингвистиканың қалыптасуы, зерттелу тарихы, пәні, зерттеу нысаны жайында жан-жақты мағлұмат беріледі. Отандық және шетелдік ғалымдардың ұсынған тұжырымдарымен таныстырып, антропоцентристік бағыттағы зерттеулерге шолу жасау. Қазіргі кезде қарқынды дамып келе жатқан когнитивтік, динамикалық бағыттағы зерттеулер жайында жалпы мағлұмат алады.					+						+					+
Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы																		
D-8	Докторлық диссертацияны орындау мен тағылымдамадан өтуді қоса есептегендегі докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Докторант білімі, іскерлігі мен дағдыларын жинақтап, жүйелеп, нәтижелерді, ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі менәдіснамасы бойынша алған білім жиынтығын көрсете білуі тиіс. Теориялық және практикалық маңызы бар және жаңа дәлелдемелерге негізделген теориялық және эмпирикалық нәтижелері бар ғылыми проблемаларды шешу, ойларды жалпылау және тұжырымдау, белгілі бір құбылыстарды, процестерді, жағдайларды түсіндіре алу, диссертациялық зерттеу жүргізу қабілетін дамытуға икемделеді. Барлық оқыған пәндер бойынша алған білімін, білігі мен дағдысын пайдаланады.	123	+														+

## Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу

Результаты обучения	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері (ЖОН)	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ОН 1	Филологиялық ғылым саласындағы тұрақты білім мен дағдыларды меңгеру және оларды диссертациялық зерттеуді жүргізу барысында қолдану	Түсіндірмелі-көрнекілік әдіс	Коллоквиум
ОН 2	Білім беру саласында және практикалық кәсіби қызметте мәселелерді шешу үшін өз білімін, түсінігін және қабілетін кәсіби деңгейде жетілдіру	Интерактивті дәріс	Модельдеу
ОН 3	Диссертацияның зерттеу тұжырымдамасын қалыптастыру үшін ақпарат жинау және ғылыми ақпаратты өңдеу әдістерін меңгеру	Ішінара іздеу	Жаңа фактілер жинастрыу
ОН 4	Филология ғылымы саласында әрі қарай оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті білім, білік және дағды кешенін меңгеру	Кейс-әдістер	Экспресс-сауалнама
ОН 5	Қазіргі филология ғылымының жалпы және арнайы әдістерін, филология ғылымының әдіснамасын қолдану дағдыларын жетік меңгеру	Жобалық оқыту	Жоба қорғау
ОН 6	Кәсіби қоғамдастықпен және білім берудегі барлық мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікті жүзеге асыру, білім беру стекхолдерлерін біріктіретін инновациялық идеяларға бастамашылық жасап, заң-құқық органдарында қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде лингвистикалық сараптама жасау	Демонстрация, иллюстрация	Портфолио
ОН 7	Қазіргі филология ғылымының өзекті мәселелері бойынша ғылыми пікірталастар өткізуге және пікір таластыруға қабілетті болу	Әңгіме, диспут	Фокус-топ
ОН 8	Тілдерді меңгеру үшін, атап айтқанда қазақ, орыс және ағылшын тілдерін, қарым-қатынас технологиясы саласында білім, коммуникация стратегияларын, диалог құрудың дағдылары мен іскерліктерін, полимәдениетті, полиэтникалық және көпконфессиялы қоғамда қарым-қатынас жасау	Проблемалық мәлімдеме	Сауалнама (жазбаша)
ОН 9	Жаңартылған білім мазмұны аясында заңнамалық құжаттарды білу; сыни тұрғыда ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруда базалық білімдерін жетілдіру	Ынталандыру және уәждеңдіру әдістері	Мұрағат жазбалары
ОН 10	Басқа тілді аудиторияда қазақ тілін оқытудың инновациялық технологияларын, әдіс-тәсілдерін тиімді қолдана алу, сыни тұрғыдан бағалау, өзіндік тұжырымдар жасау	Бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері	Презентация
ОН 11	Қазіргі инновациялық білім беру технологияларын пайдалана отырып, оқытушылық қызметті жүзеге асыру, түрлі аудиториялар үшін филологиялық және арнайы тілдік пәндерді оқытудың оқу бағдарламаларын іске асыру	Бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері	Практика есебі
ОН 12	Аналитикалық жұмысқа қабілетті болу, жаңа білім алу мақсатында ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті жүзеге асыра білу және осы білімді нақты басқарушылық жағдайларды сараптамалық бағалау үшін қолдану	Тәжірибені қайталау	Жалпы пікірталас, талқылау
ОН 13	Өздігінен шығармашылық зерттеу жұмысының дағдыларын, өз қызметін тиімді және нәтижелі ұйымдастыру, өзінің ғылыми жұмысының нәтижелерін коммерциализациялау жолдарын білу	Міндеттерді шешу	Өзін-өзі бағалау
ОН 14	Ғылыми мәтіндерді ағылшын тілінде жазу дағдыларын жетілдіру, ағылшын тіліндегі мәтіндерді жазбаша түсіндіру бойынша практикалық дағдыларды дамыту	Зерттеу әдістері	Мақала жазу
ОН 15	Мамандықтың негізгі проблемаларын шешу мақсатында ғылыми әдебиеттермен жұмыс істей білу, ғылымның қазіргі жетістіктеріне сүйене отырып, зерттеу тақырыбының ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын көрсете білу.	Ғылыми пікірталас	Диссертация жазу және қорғау

Оқу нәтижелерінің қолжетімділігін бағалау критерийлері

ОН кодтары	Критерийлер
ОН 1	Лингвистикалық және әдеби терминологияны, қазіргі тіл білімі мен әдебиеттану саласындағы теориялық тұжырымдамалар мен ережелерді, гуманитарлық және педагогикалық білімдегі заманауи тәсілдерді <b>біледі</b> .
	Зерттелетін мәселе мен диссертациялық зерттеу контексінде лингвистикалық, әдеби мәтіндерді тұжырымдамалық талдаудың негізгі әдістерін <b>қолдана алады</b> .
	Зерттелетін тілдік және әдеби құбылысқа әртүрлі көзқарастарды саралау, қазіргі тіл білімі мен әдебиеттанудың парадигматикалық ерекшеліктерін анықтау, тілдік немесе әдеби құбылысты қазіргі ғылыми тұжырымдамалар тұрғысынан қарастыруды <b>меңгерген</b> .
ОН 2	Жоғары мектеп педагогикасы мен жоғары мектепте филологиялық пәндерді оқыту әдістемесін <b>біледі</b> .
	Жоғары мектепте тіл мен әдебиетті оқытудың әдістерін, негізгі түсініктерін, теориялары мен тәсілдерін <b>меңгерген</b> .
ОН 3	Интернетте және халықаралық деректер базасында ақпарат іздеу тәсілдерін, компьютерлік технологияларды қолдана отырып деректерді өңдеу мен түсіндірудің заманауи әдістерін <b>біледі</b> .
	Анықтамалық, арнайы әдебиеттерден және компьютерлік желілерден ақпарат іздеуді қоса алғанда, мәтінмен жұмыс істеу әдістемесін <b>меңгерген</b> .
ОН 4	Қазіргі лингвистика мен әдебиеттанудың негізгі бағыттарын, мәтін мен дискурс теориясын, қазіргі ғылыми филология мектептерінің идеялары мен тұжырымдамаларын <b>біледі</b> .
	Кәсіби академиялық жазу мен танымдық белсенділіктің жоғары деңгейіне ие, негізгі кәсіби терминдерді <b>меңгерген</b> .
ОН 5	Филологияның ғылым ретіндегі рөлі, оның ғылымдар арасындағы орны, басқа ғылым салаларымен байланысы, оны зерттеудің жалпы және арнайы әдістері туралы <b>біледі</b> .
	Түрлі дәуірлердегі көркем және көркем емес мәтіндерді лингвистикалық және әдеби талдаудың заманауи әдістері мен тәсілдерін <b>меңгерген</b> .
ОН 6	Зани құжаттардың стилін; кәсіби қоғамдастықтағы ынтымақтастық және әртүрлі әлеуметтік топтармен (білім берудің сыртқы стейкхолдерлері) өзара іс-әрекет әдістерін <b>біледі</b> .
	Лингвистикалық сараптама пәні бойынша ғылыми негізделген, толық, объективті және дәлелді қорытындылар <b>жасай алады</b> .
	Кәсіби қоғамдастықпен, стейкхолдерлермен виртуалды қарым-қатынас жасау түрлерін <b>меңгерген</b> .
ОН 7	Ғылыми дәлелдеудің негізгі түрлері мен тәсілдерін; ғылыми мәтіннің композициялық сөйлеу стандарттарын <b>біледі</b> .
	Зерттеу нәтижелерін көпшілік алдында ұсына алады, зерттеу барысы мен нәтижелерін <b>талқылай алады</b> .

ОН 8	Диалогтар мен полилогтардағы сөйлеу стратегиялары мен тактикасын, мәдениаралық коммуникация саласындағы жаңа терминдер және мәдениаралық коммуникацияның лингвистикалық тетіктерін, мәдениеттер диалогына қатысатын екінші тілдік тұлға ұғымын <b>біледі</b> .
	Кәсіби қызметтің түрлі салаларында қарым-қатынас жасау шеберлігі мен мәдениетін; іскерлік, тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынасты дұрыс ұйымдастыру дағдыларын <b>меңгерген</b> .
ОН 9	Білім беру мазмұнын жаңғыртуды, жаңартуды регламенттейтін нормативтік-құқықтық, нұсқаулық-әдістемелік және заңнамалық құжаттарды <b>біледі</b> .
	Тілдерді оқыту шеңберінде оқыту мен тәрбиелеудің жаңартылған мазмұнын іске асыру үшін әдістер мен құралдарды, оқытудың жаңа технологиясын мен жаңа дидактикалық тәсілдерді <b>меңгерген</b> .
ОН 10	Қазақ тілін екінші тіл ретінде шет тілді аудиторияда бейімделген грамматика бойынша оқытудың инновациялық кешенді әдістемесін <b>біледі</b> .
	Көптілді ортада қазақ тілін оқытудағы инновациялық басымдықтарды іздестіру және оларды жүзеге асыру құралдарын <b>меңгерген</b> .
ОН 11	Көптілді білім беру бағдарламаларында қолданылатын тілдер мен әдебиетті, тілдер мен мәдениетті біріктіріп оқыту парадигмасын <b>біледі</b> .
	Шет тілдік аудиторияда қазақ/орыс/ағылшын тілін оқытудың инновациялық технологияларын, әдіс-тәсілдерін тиімді <b>қолдана алады</b> .
	Таңдаған кәсіби салада (редакциялау, журналистика, құжат айналымы, оқыту және т.б.) қызметті жүзеге асыру кезінде филологиялық білім мен әдістемелерді <b>меңгерген</b> .
ОН 12	Зерттеу әдістері кешенін және эксперименттік қызмет нәтижелерін қолдану арқылы филологиялық білім беру саласындағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік зерттеулердің нәтижелерін талдауды, жүйелеуді және қорытуды жүзеге <b>асыра алады</b> .
	Филология ғылымының заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін диссертациялық зерттеуде пайдалану дағдыларын <b>меңгерген</b> .
ОН 13	Әдіснаманың теориялық негіздері мен ғылыми зерттеу жүргізу кезеңдерін, ғылыми жұмыстардың құрылымдық элементтерін, академиялық хат алмасу ережелерін <b>біледі</b> .
	Ғылыми фактілерді талдау мен жүйелеуді, зерттеудің мақсатын, міндеттерін, объектісі мен пәнін анықтауды, гипотезаны тұжырымдауды, ғылыми қорытынды жасауды, материалды жалпылау кезінде теориялық және практикалық шешімдер <b>жасай алады</b> .
	Ғылыми қызмет нәтижелерін жариялау, апробациялау, коммерцияландыру және енгізу дағдыларын <b>меңгерген</b> .
ОН 14	Ағылшын тілінде алынған ақпаратты зерттеу және талдау негізінде әртүрлі тақырыптағы тұтас және тұтас емес мәтіндерді жасаудың орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық нормаларын <b>біледі</b> .
	Филология саласында базалық Кәсіби шет тілдік лексиканы, кәсіби академиялық жазу дағдыларын, ағылшын тілінде ғылыми жобаларды орындаудың жоғары деңгейін, компьютерлік технологияларды қолдана отырып деректерді өңдеудің және түсіндірудің заманауи әдістерін <b>меңгерген</b> .

ОН 15	<p>Ғылыми ақпаратты іздеудің негізгі көздері мен әдістерін; зерттеу және практикалық міндеттерді шешу кезінде, оның ішінде пәнаралық салаларда жаңа идеяларды генерациялау әдістерін; қазіргі заманғы ғылыми жетістіктерді сыни талдау және бағалау әдістерін; БҒСҚК рецензияланған ғылыми басылымдарында және Web of Science, Scopus базасында жариялауға қолжазбалардың мазмұнына қойылатын талаптарды және оларды ресімдеу ережелерін <b>біледі</b>.</p>
	<p>Халықаралық/республикалық ғылыми конференциялар материалдарында жарияланымдар түрінде диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша ғылыми нәтижелер бере алады; ғылыми семинарлар мен конференцияларда зерттеу тақырыбы бойынша баяндамалар жасай алады; академиялық қоғамдастыққа ҒЗЖ (оның ішінде диссертациялық жұмыс) нәтижелерін <b>ұсына алады</b>.</p>
	<p>Филология ғылымы саласындағы ғылыми-зерттеу және жобалау қызметінің қазіргі заманғы әдістерін, құралдары мен технологияларын, ҒЗЖ жоспарлау, дайындау, жүргізу, алынған деректерді талдау, тұжырымдар мен ұсынымдарды тұжырымдау әдістерін; теорияларды, тұжырымдамаларды, оның ішінде лингвистика және әдебиеттану теориясы саласындағы салыстырмалы талдауды; теориялық/практикалық маңыздылығы мен қазіргі филологиялық зерттеулердің жаңалығын айқындау саласындағы құзыреттіліктерді <b>меңгерген</b>.</p>

## Түлек моделі

### Докторантура түлегінің атрибуттары

Өз оқыту саласындағы терең кәсіби білім

Білім және ғылым саласындағы трендтерді игеруге деген қызығушылық

Кәсіби қоғамдастықтағы ынтымақтастық қабілеті

Кәсіби және жеке даму мүмкіндіктерін іздеудегі дербестік

Коммуникабельділік

Толеранттылық (төзімділік) және тәрбиелік

Академиялық адалдық

Қазақстанның Мемлекеттік міндеттері мен стратегияларын шешуге қатысуға дайындық

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттіліктер сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	<p>Қазақ/орыс/ағылшын тілдерін, этикалық, рухани, мәдени құндылықтарды, әлеуметтік мінез-құлықты реттеудің нысандары мен негізгі заңдылықтарын, жеке тұлғаның әлеуметтік позициясы туралы түсініктерді, Қазақстан халықтарының мәдениеті мен дәстүрлерін, қоғамның даму үрдістерін білу, әртүрлі әлеуметтік жағдайларды бағдарлай білу, креативті ойлай білу, басқа ұлттың мәдениетіне, дәстүрлеріне төзімділік таныта білу, белсенді өмірлік ұстанымда болу;</p> <p>мамандық бойынша тез жұмысқа орналасу мүмкіндігін қамтамасыз ететін білім беру саласында жұмыс күші нарығында кәсіпкерлік пен бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру, оқу және кәсіптік практикадан өту үдерісінде теориялық материалды тиімді бекіту дағдыларын қалыптастыру, әртүрлі тапсырмаларды орындау кезінде жеке тиімді жұмыс істей білу және топ мүшесі ретінде жұмыс істей білу;</p> <p>өзінің зияткерлік және жалпы мәдени деңгейін жетілдіру және дамыту; үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту және жаңа жағдайларға бейімделу қажеттілігін түсіну, жинақталған тәжірибені қайта бағалау, өз мүмкіндіктерін талдау дағдыларын меңгеру.</p>
2. Кәсіби құзыреттер (Hardskills)	<p>Докторантура пәндерін игеру барысында алынған теориялық білім, іскерлік және практикалық тәжірибе негізінде ғылыми зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін табысты шешу;</p> <p>ғылыми бағдарламаларды іске асырудың мақсаттарын, міндеттерін, құралдары мен әдістерін өз бетінше тұжырымдай білу; ғылыми және қолданбалы зерттеулерді жүргізу және коммерцияландыру үшін ғылыми және ғылыми-техникалық қызметке қатысушылардың зияткерлік меншік құқығы туралы, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға грант алу шарттары туралы білімдерін пайдалану;</p> <p>ғылыми және практикалық міндеттерді, оның ішінде қызмет саласынан тыс міндеттерді шешу үшін кешенді ақпаратты өңдеудің және түсіндірудің қазіргі заманғы әдістерін еркін пайдалану; деректерді құру және жинақтау, оларды өңдеу және талдау, сондай-ақ зерттеу және кәсіби қызметте ақпараттық технологияларды пайдалану бойынша белсенділікті қоса алғанда, цифрлық ортада және цифрлық өнімдермен жұмыс істеу бойынша құзыреттер кешенін меңгеру;</p> <p>ғылыми-техникалық құжаттаманы және зерттеу жұмысын, ғылыми есептерді, шолуларды, баяндамаларды, мақалаларды кәсіби құрастыра білу; педагогикалық қызметті жүзеге асыру үшін психологиялық-педагогикалық</p>



(ұйымдастырушылық-педагогикалық, білім беру педагогикалық) білімді меңгеру;  
аударма дағдыларын меңгеру; қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды, оқытудың интерактивті  
әдістерін, орыс/қазақ тілінің ұлттық корпусары қорын пайдалана отырып, жоғары және орта оқу орындарында  
қазақ/орыс/ағылшын тілін/әдебиетін оқытудың кәсіптік-практикалық біліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

**Құрастырғандар:**

Жұмыс тобының мүшелері:

Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі  
Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры  
3-ші курс докторанты  
«Қарағанды облысының тілдерді дамыту  
жөніндегі басқармасы» ММ басшысы  
Қарағанды облысының тілдерді  
оқыту орталығы директоры



С.А.Кенжеғалиев  
Ж.Д.Рапишева  
Д.Айтжан

С.М.Абеуова

А.А. Игенова

Білім беру бағдарламасы факультет кеңесі отырысында қарастырылды «24» 04 2024 ж. Хаттама № 9

Білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық кеңесі отырысында қарастырылды «29» 04 2024 ж. Хаттама № 5

Білім беру бағдарламасы университеттің Басқарма отырысында қарастырылды және бекітілді «24» 05 2024ж. Хаттама № 8

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Академиялық жұмыс департаментінің директоры

Факультет деканы



М.М. Умуркулова

Т.М.Хасенова

Е.Е.Түйте

## 8D02301 – ФИЛОЛОГИЯ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ

**Жоспардың мақсаты** – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

### Мақсатты индикаторлар

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2024-2025 (факті бойынша)	2025-2026 (жоспар)	2026-2027 (жоспар)	2027-2028 (жоспар)
<b>1</b>	<b>Кадрлық потенциалды дамыту</b>					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны	1	1		
1.2	Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны	2	2	2	2
1.3	Оқытуға практик-мамандарды тарту	Адам саны	1		1	
<b>2</b>	<b>Рейтингтердегі БББжылжыту</b>					
2.1	НААР	Позициясы	5	5	4	3
<b>3.</b>	<b>Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу</b>					
3.2	Монография	Саны		1		
3.3	Оқу құралдары	Саны				1
3.4	Электронды оқулық	Саны			1	
3.5	Видео/аудиодәріс	Саны		1		
<b>4.</b>	<b>Оқу және зертханалық базаны дамыту</b>	Саны				
4.1	Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	Саны				
4.2	Жабдықтарды сатып алу	Саны				
4.3	Басқа	Саны				
<b>5.</b>	<b>БББ мазмұнын өзектендіру</b>					
5.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту	Жыл		+		
5.3	Оқытудың жаңа әдістерін енгізу	Жыл			+	

Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі

17



С.А.Кенжеғалиев